

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

## Қазақтың дәстүрлі мәдениеті

ЖАРИЯЛАНДЫ  
20.11.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/85335/>

Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қаласы

№ 10 мектеп-гимназиясы

қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

**Отарбаева Гульнара Сериковна****Қазақтың дәстүрлі мәдениеті**

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінетінін білесіздер. Біріншісі – рухани мәдениет, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күнкөрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды. Зиялы қауым арасында, тіпті оқымысты ғалымдар арасында мәдениет және өркениет ұғымдарын шатастырушылық әлі де кездеседі. Осы арада олар шаруашылық жүргізу мәдениетінің, саяси мәдениеттің, экономика мәдениетінің тағы сол сияқты мәдениеттердің болатындығын ескермеді. Осыдан барып, мәселен, көптеген адамдар мәдениетті тек қана өнер туындылары құрайды деп ойлайды да, оны өркениетпен тең қойып, жаңсақ түсініктерге жол береді. Мәдениет тарихында күні кешеге дейін еуропалықтар Батыс дүниесінің ғана мәдениетін мойындап келді. Оларда мәдениет жасаушы тек еуропалықтар делінген кеудемсоқтық теория белең алды. Бірақ Шығыс өркениетін жасаған мәдени мұралардың ғажайып үлгілері оларды өздерінің менменсіген қисындарынан бас тартуға мәжбүр етті.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті, құдайға шүкір, ешкімнен кем емес. Мысалы, эпос жанрын алайық. Айтатынымыз да, мақтан ететініміз де – осы эпостарымыз. Кең қарымды, кең құлашты, қазіргіше айтқанда – поэмаларымыз. Әлемде эпос тудырған халықтар саусақпен санарлық. Батысымызда байырғы гректер «Иллиада» мен «Одессеяны» тудырса, Шығысымызда үнділер «Махабхарата» мен «Рамаянаны» тудырған, одан кейін Шығыс Европада «Үлкен Этта», «Кіші Этта», «Каллевалла» сияқты құранды эпостар туған. Эпостық жырлары бар елдер осылар ғана.

Мүйізі қарағайдай «ұлы орыс» халқының «Игорь жорығы туралы жыры» бар болғаны 8-ақ бет болса, мен қарасөзге айналдырған «Алпамыс батыр» эпосы 800 бетті құрады. Мінеки, эпос деген осы. Эпостардың туу себебіне қатысты үлкен-үлкен өте жақсы ғылыми зерттеу еңбектер жазылған. Эпос – соны тудырған елдің этникалық қарымының нәтижесі. Демек, Евразияның ұлы даласындағы бабаларымыздың сөз өнерінің асқақ биігін туындатқанын байқаймыз. Тіпті, Европа әдебиетінің тарихына қарасаңыз, бірінші ауыз әдебиеті, содан кейін жазба әдебиеті дейді. Ал, бізде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасында бес ғасыр жыраулар поэзиясы жатыр. Аталған бес ғасыр поэзиясы — тәңір тектес асқақ, сөз өнеріміздің ұлы құдіретті сипаты.

Екінші, дәстүрлі мәдениетімізді, яғни қолөнеріміз жайлы ауыз толтырып айта аламыз. Қолөнер мәдениетіміз өте тереңнен бастау алады. Скифтің алтынмен апталған, күміспен күптелген дүние мүліктерінен бастап, өзіміздің күні кешеге дейін әке-шешеміз тіккен киіз үй – қолөнердің ең ұлы шыңы. Киіз үйдегі сүйектен, ағаштан, киізден, шиден т.б. жасалған қажетті заттардың бәрінен құрастырылған ғажайыпты ақыл-ойдың нәтижесі, табысы деп қабылдауға болады. Бұл ретте көшпелілер өзінің тұтынатын қолөнер заттарын өнер деңгейіне жеткізген. Мен бала кезімде шешей қымыз сапырып отыратын мүйіз ожауды ұстап ойнаудан жалықпайтынмын. Кейін тура сондай мүйіз ожауды Орталық мемлекеттік музейден көргенде көзіме жас үйірілді. Қандай сұлулық! Неткен әдемілік! Демек, көшпелілер өнер деңгейінде өмір сүрген. Тұтынған заттарының барлығы өнер деңгейінде болған. Ол тозса, қайтадан одан да жақсы қылып жаңасын жасайтын болған. Қолөнердің ұлы туындысы – киіз үй.

Үшіншісі, музыкалық мәдениеті. Музыкалық мәдениетіне мен екі-үш ақ мысал келтірейін: сіздер ол мәдениеттің тектілігін, терең асыл екендігін пайымдайсыздар. Қазақ халқы қазақ атауын иемденбей тұрған кездің өзінде-ақ осы далада домбыра тартылып, күй жанры туған. Күні бүгінге дейін орыс, татар сияқты өзіміздің бұрынғы Кеңес одағының аясындағы елдерді алсақ, осылардың дәстүрлі музыкасында күй жанры, яғни аспапты музыка жанры жоқ. Орыстар балалайканы қолға алып, жерді бір теуіп, частушка айтады, бар музыкасы осы ғана. Ал, күй деген – музыкадан сөзсіз бөлініп шыққан дыбыс, музыкалық жанрдың дүниеге келуі. Бұл бейнелеп айтқанда сөз өнерінде роман, эпопея жанрының дүниеге келгені сияқты. Ал енді осы күй өнерін туындатқан авторлы музыканың өзіне осы далада 1200 жыл. Нанбасаңыздар, айтып шығайын. Исі 40-тан астам түркі халқының ішінде Қорқыт бабамыздың күйін сақтап қалған жалғыз халық – қазақ. Қорқыттан бізге жиырмаға тарта күй жеткен. Олар әлі күнге дейін үлкен сахналарымызда тартылады. Қорқыттың бергі жағында Шыңғыс ханның алдында күй тартқан – найман Кетбұға күйші. Күйшінің он үшінші ғасырдағы «Ақсақ құлан» күйінің бізге он варианты жетті. Осы орайда айта кетейін, қазір Европа кітапханасында тұрған «Кодекс Куманикус» кітабында сол Кетбұғаның «Ақсақ құлан» күйінің ноталық жазбасы бар. Қазақ музыкасына үлес қосқан еврей зерттеуші Борис Григориевич Ержакович ескі нотадағы аталған музыканы бүгінгі нотаға түсіргенде «Ақсақ құлан» күйі шығады. Күйді алғаш рет М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында істеп жүрген кезімде естідім. Кетбұғадан кейін сары Салтық, одан бері қарай Байжігіт, кешегі Абылай хан кезіндегі атақты күйшілер, XIX ғасырдағы Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Төттімбет сияқты ондаған жүздеген классикалық күйшілер өткен. Демек, қазақтың рухани мәдениетінің осы үш саласы күні

бүгінге дейін ұлтымызға айрықша қызмет етіп келе жатыр.

Мәдениет сөз болған уақытта біз ешуақытта бүгінгі аумақтық, яғни территориялық шеңберімізбен шектеліп қалмауымыз керек. Өйткені, қазақ дейтін халықты құрсағында тербеткен ұлы даланың аумағы қазіргі шекарадан әлдеқайда кең болатын. Біз отаршылдықтың қақпанына түскен кездегі жеріміздің үштен бір бөлігінен айырылып, тәуелсіздік алдық. Осы орайда, шекара сыртында жатқан мынадай мәдени 5 түрлі рухани асылдарымызға біз ұдайы назар аударып жүруіміз керек. Бірінші – атамекен жұрттарымыз, екінші – сол жұрттарда сүйегі қалған ата-баба әруақтары, үшінші – шекара сыртында жатқан жалпы мұралар, төртінші – шекара сыртында аналарымыздың, аталарымыздың қолымен жасалған материалдық мәдениеттер, бесінші – шекара сыртында әлемнің қырықтан астам елінде бас сауғалап жүрген қандас бауырларымыздың қолынан туған өнер туындылары. Осының барлығы біздің төл тарихымыздың, төл мәдениетіміздің құрамдас бөлігі болып табылады.

Енді аталған бес рухани құндылықтарды таратып айтар болсақ, бірінші ертеде қазақтың ата қонысы болған, қазіргі таңда түрлі себептермен өзге территорияда жатқан қазақ жерлеріндегі асыл мұраларымыз жайлы айтайық. Ежелгі Еділ – қазіргі Волга, қажы Тархан – Астрахань, Сарытау – Саратов, Селебе – Челябинск, Мәскеуден 150 шақырым жердегі байырғы өз Жәнібектің әжесі Тайсұлтанның атына қойылған жазғы жайлау – Тулла, ХХ ғасырдың басында астанамыз болған Орынбор – Оренбург. Айта берсек, толып жатыр. Біз Орынборды орыстан тартып алып, астана етпегеніміз аян. Ол – біздің атамекеніміз. Одан былай қарай Қорған – Курган, Баранауыл – Барнауыл, Төмен – Тюмень. Төмен атауы жайлы көптеген пікірлер бар. Дегенмен, оны «түмен» Шыңғыс ханның он мыңдығына байланысты қойылған деп емес, Керей мен Уақтың төменгі жайлауы болған деп қабылдағанымыз жөн болар. Төменнен былай қарай Ащылы – Ашинск, Байкөл – Байкал, Енесай – Енесей, Аңғар – Ангарск, ал Қытайға қарай жүрсеңіз Қатынтау, Қатынқарағай – Қатонқарағай, Алтай, Еренқабырға, Қобда, Тәңіртау, оңтүстікке қарасаңыз, Самархан жерінде жатқан Мыңбұлақ, Қарақалпақ жерінде жатқан Қарабауыр жотасы, сондай-ақ орталық СК КПСС Орталық комитетінің қаулысымен соғыс жағдайына байланысты Қарақалпақстанға уақытша берілген үш аудан – қазақтың ата қонысы. Мен аталған жерлерді қайтарайын деп, я болмаса, қайтару үшін сіздерді үндеп отырған жоқпын.

Ұлт дегеніміз не? Ұлттың тарихи жады әрбір адамның өмірбаянына айналғанда ғана ол ұлт болады. Сол жерлерде жатқан ата-бабаның сүйегі, сол жерлердегі тарихи ескерткіштер, сол жерлерге төгілген әрбір ата-баба қанының тарихы біздің өмірбаянымыздың мәдени құрамдас бөлігі болуы керек.

Екінші, әруақтар. Шет жұртта жатқан әруақтарды осындай бас қосуда айтпасақ, қашан айтамыз? Қараңыздаршы, Қасым хан Сарайшықта жатыр. Мына қазақ елі осы аумағы, осы территориясы үшін Қасым ханға қарыздар болатын. Не болмаса, Шығай хан мен Тәуекел хан Бұқарада, Жалаңтөс Самарханда, Төле би Ташкентте, Әйтеке би мен Сырым батыр Қарақалпақстанда, Құрманғазы күйші Ресейде, Мұстафа Шоқай Германияда жатыр. Кенесары С.Сәдуақасов, Ә.Молдағұлова, Ғ.Мұратбаев Ресейде жерінде жерленген. Ал Қытай жерінде әйгілі

Әсет, Қожеке күйші, ақын Таңжарық, Бөке, Оспан батырлар және айтса таусылмайтын басқа да тұлғалармыз жатыр.

Осы тұлғалардың сүйегін елге жеткізу керек. Бұл қазақтың байырғы дәстүріне жат емес, шет емес. Тіпті, ислам дініне де жат емес. Аманаттап жерлеп, я болмаса соғыс кезінде шейіт болған батырлардың бармағын ғана тауып алып жерлеген бейіттер қазақ даласында өте көп. Сондықтан, оны әкелудің пайдасы: біріншіден, әруаққа құрмет, екіншіден, тірілер үшін қажет. Мына тірі жүргендердің рухы биік болады.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.